



Бекітемін

С. Торайғыров ат. ПМУ ректоры

_____ А. Орсариев

2015 ж. «___» _____

2015 жылы С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетіне жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларына (бакалавриат) оқуға қабылдаудың қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті осы Жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидалары «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабының 25) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті жалпы орта (орта жалпы), техникалық және кәсіптік (бастауыш және орта кәсіптік, орта білімнен кейінгі) және жоғары (жоғары кәсіптік) білімі бар тұлғалар қабылданады.

3. С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетіне түсуші тұлғаларды қабылдау мемлекеттік білім беру тапсырысын (білім беру грантын) орналастыру, сондай-ақ азаматтардың өз қаражаты мен басқа да көздер есебінен оқуға ақы төлеуі арқылы жүзеге асырылады.

Әскери оқу орындарын қоспағанда, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ тұлғаларға және Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ тұлғаларға егер олар осы деңгейде бірінші рет білім алатын болса, мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін жоғары білім алуға құқық беріледі.

Шетелдіктердің мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін жоғары білім алу құқығы Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен айқындалады.

С. Торайғыров атындағы ПМУ-ге қабылдау жүзеге асырылады:

1) жалпы орта (орта жалпы) білім беру ұйымдарының бітірушілері – ұлттық бірыңғай тестілеу және кешенді тестілеу негізінде;

2) техникалық және кәсіптік (бастауыш және орта кәсіптік, орта білімнен кейінгі) бітірушілер – кешенді тестілеу негізінде;

3) жоғары білімі бар тұлғалар және шетел азаматтары – әңгімелесу негізінде.

4. Кешенді тестілеу өткен жылдардағы жалпы орта білім беру ұйымдарының бітірушілері, техникалық және кәсіптік (бастауыш және орта кәсіптік, орта білімнен кейінгі) білім беру ұйымдарының бітірушілері, ҰБТ-ға қатыспаған, халықаралық оқушылармен алмасу желісі бойынша шетелде оқыған жалпы білім беретін мектеп бітірушілері, республикалық музыка мектеп-интернаттарының бітірушілері, сондай-ақ оқу орнын шетелде бітірген тұлғалар үшін өткізіледі.

5. С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетіне түсуші тұлғаларды ақылы негізде оқуға қабылдауды жоғары оқу орындары жүзеге асырады.



Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар (колледж) тұлғаларды жоғары оқу орындарына ақылы негізде қысқартылған мерзім бойынша ұқсас мамандықтарға оқуға қабылдау кешенді тестілеу нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

Ұқсас мамандықтар тізбесін сәйкестік кесте бойынша білім беру саласындағы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі (әрі қарай - БҒМ) бекітеді.

6. Жоғары білімі бар тұлғаларды жоғары оқу орындарына ақылы негізде қысқартылған мерзімге оқуға қабылдауды жоғары оқу орындарының қабылдау комиссиялары жүзеге асырады.

7. Шетел азаматтарын ақылы негізде С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің қабылдау комиссиясы өткізетін әңгімелесу түрінде жүзеге асырылады.

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің жалпы орта білім, техникалық, кәсіптік білім және жоғары білім мамандықтарының тізімі Қосымша 1 көрсетілген.

8. Ауылдық білім беру ұйымдарын бітірген тұлғалар үшін Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына қабылдау квотасы белгіленген бакалавриат және жоғары арнайы білім мамандықтарының тізбесін білім беру саласындағы БҒМ бекітілген (Қосымша 2).

9. Арнайы немесе шығармашылық даярлауды талап ететін мамандықтарға (бұдан әрі - шығармашылық мамандықтар) қабылдау арнайы немесе шығармашылық емтихандар (бұдан әрі - шығармашылық емтихандар) есебінен жүзеге асырылады. Шығармашылық мамандықтар емтихандар өткізу бағдарламасы ректормен бекітіледі.

Шығармашылық мамандықтарға өтініштерді қабылдауды 20 маусым мен 1 шілде аралығында С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің қабылдау комиссиясы жүргізеді.

Шығармашылық мамандықтарға түсетіндер бір ғана шығармашылық мамандықты көрсетеді.

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің шығармашылық мамандықтары Қосымша 3 көрсетілген.

2. С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетіне оқуға қабылдау тәртібі

Кешенді тестілеу өткізу

10. Кешенді тестілеуді С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің қабылдау комиссиясы өткізіледі.

11. Жергілікті жерде ұйымдастыру және ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу және тәртіпті сақтау үшін білім беру саласындағы ҚР БҒМ шешімі бойынша С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетіне түсетін тұлғаларға кешенді тестілеуді ұйымдастыру мен өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссиялар (бұдан әрі - мемлекеттік комиссия) құрылады. (Қосымша 4)

12. Кешенді тестілеуді өткізу технологиясының сақталуын бақылауды жүзеге асыру үшін С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетіне білім беру саласындағы ҚР БҒМ өкілдері жіберіледі.

13. Кешенді тестілеуге қатысу үшін түсуші жоғары оқу орнының қабылдау комиссиясына белгіленген үлгідегі бланкіде өтініш, аттестат немесе жалпы орта, техникалық және кәсіптік (бастауыш немесе орта кәсіптік, орта білімнен кейінгі) оқу орнын бітіргені туралы диплом (түпнұсқа), тестілеуді өткізу үшін ақы төлегені туралы



түбіртек, 3x4 көлеміндегі екі фотосурет, 086-У нысанындағы медициналық анықтама, сондай-ақ жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін тапсырады.

14. Кешенді тестілеуге қатысу үшін өтініштерді қабылдауды 20 маусым мен 9 шілде аралығында қабылдау комиссиясы жүргізеді.

15. Кешенді тестілеу 17-23 шілде аралығында өткізіледі.

16. Кешенді тестілеу түсушілердің қалауы бойынша қазақ немесе орыс тілдерінде орта білім берудің оқу бағдарламалары көлемінде төрт пән: мемлекеттік немесе орыс тілі (оқу тілі), Қазақстан тарихы, математика және таңдау пәні бойынша өткізіледі.

Таңдау пәндері және ҰБТ мен кешенді тестілеудің бейінді пәндері көрсетілген мамандықтар тізбесін білім беру саласындағы ҚР БҒМ бекітеді.

17. Кешенді тестілеуге 2 сағат 30 минут бөлінеді. Тестілеуді қайта тапсыруға жол берілмейді.

18. Кешенді тестілеу өткізу кезінде бір орыннан екінші орынға ауысып отыруға, емтихан материалдарын алмастыруға, көшіріп жазуға, оқулықтар мен басқа да әдістемелік әдебиеттерді, байланыс құралдарын (пейджер, ұялы телефон) аудиторияға кіргізуге жол берілмейді.

19. Түсуші осы Үлгі қағидалардың 18-тармағын бұзған жағдайда білім беру саласындағы ҚР БҒМ өкілі осы Үлгі қағидаларға 5-Қосымшаға сәйкес нысан бойынша тыйым салынған затты тәркілеу және үміткерді шығару актісін жасайды және тестілеу нәтижелерін жою туралы шешім қабылдайды.

20. Кешенді тестілеуге берілген уақыт аяқталғаннан кейін түсуші емтихан материалдарын тапсырудан бас тартқан жағдайда білім беру саласындағы ҚР БҒМ өкілі осы Үлгі қағидалардың 6-Қосымшасына сәйкес нысан бойынша акт жасайды. Бұл ретте аталған тұлғаның емтихан материалдарының нәтижелері өңделмейді.

21. Әрбір пән бойынша тест тапсырмаларының саны – 25. Әрбір тест тапсырмасының дұрыс жауабы бір балмен бағаланады.

22. Кешенді тестілеу нәтижелерін өңдеу жоғары оқу орнында өткізіледі.

23. Дұрыс жауаптар коды тестілеу нәтижелерін өңдеу аяқталғаннан кейін ілінеді.

24. Кешенді тестілеу нәтижелерін мемлекеттік комиссия тестілеу өткізілген күні жариялайды.

25. Кешенді тестілеу нәтижелері бойынша әрбір тестілеуге қатысушыға белгіленген үлгідегі сертификат толтырылады, оны мемлекеттік комиссия тестілеу өткеннен кейінгі күнтізбелік үш күн ішінде береді.

26. Тест тапсырмаларын бағалау кезінде бірыңғай талаптарды сақтауды және даулы мәселелерді шешуді қамтамасыз ету, кешенді тестілеуге қатысушылардың құқығын қорғау мақсатында тестілеу өткізу кезеңінде Апелляцияны қарау жөніндегі Республикалық комиссия (бұдан әрі – Республикалық апелляциялық комиссия) және С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде апелляциялық комиссия құрылады.

27. С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің апелляциялық комиссиясы тестілеуге қатысушылардан тест тапсырмаларының мазмұны мен техникалық себептер бойынша түскен өтініштерді қабылдайды және қарайды, Республикалық апелляциялық комиссияға тұлғаға балдар қосу туралы ұсыныс енгізеді және оны апелляцияның қорытындылары туралы хабардар етеді.

28. Апелляцияға берілетін өтінішті тестілеуге қатысушының өзі апелляциялық комиссия төрағасының атына береді. Тест тапсырмаларының мазмұны мен техникалық себептер бойынша өтініштер кешенді тестілеу нәтижесі хабарланғаннан кейін келесі күнгі сағат 13-ге дейін қабылданады және апелляциялық комиссия бір күн ішінде қарастырады.



Өтініш берушінің өзімен бірге оның жеке басын куәландыратын құжаты, тестілеуге жіберу рұқсаттамасы болуы керек.

Апелляциялық комиссия әр тұлғамен жеке тәртіпте жұмыс істейді. Тұлға апелляциялық комиссияның отырысына келмеген жағдайда, оның апелляцияға берген өтініші қаралмайды. Апелляциялық комиссияның жұмысын апелляциялық комиссияның төрағасы басқарады.

29. Тестілеудің нәтижесімен келіспеу туралы апелляция бойынша шешім комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші дауыс болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төрағаның және комиссияның барлық мүшелерінің қолдары қойылған хаттамамен ресімделеді.

30. Республикалық апелляциялық комиссия апелляциялық комиссияның тұлғаға балдар қосу туралы ұсынысының негіздемесін қарайды және шешім қабылдайды.

Республикалық апелляциялық комиссияның шешімі комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, төраға дауысы шешуші болып табылады.

Республикалық апелляциялық комиссияның шешімі төраға және барлық комиссия мүшелері қол қойған хаттамамен ресімделеді.

3. Шығармашылық емтихандардың өткізу ережелері

31. Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарындағы шығармашылық мамандықтарға түсетін тұлғаларды оқуға қабылдау ережесі жоғары білімнің мамандандырылған оқу бағдарламаларын іске асыратын білім мекемелеріне оқуға түсудің типтік ережелеріне бағынады.

Шығармашылық мамандықтарға түсетіндер қабылдау комиссиясы өткізетін шығармашылық емтихан тапсырады.

32. Шығармашылық емтиханның мақсаты талапкердің шығармашылық қабілетінің барын және шығармашылық бағыттағы мамандықты меңгеруге жекелей алғышарттарын тексеру болып табылады.

33. Әр мамандық бойынша шығармашылық емтихандар көлемі екеуден аспау керек.

34. Шығармашылық емтихан 2-7 шілде аралығында өткізіледі.

Әрбір шығармашылық емтихан бойынша ең жоғарғы балл саны - 25.

Әрбір шығармашылық емтихан бойынша 10 балдан төмен алған немесе емтиханға келмеген тұлғалар осы мамандыққа түсу үшін кешенді тестілеуге жіберілмейді.

Шығармашылық емтиханды қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

Шығармашылық мамандықтарға түсетін тұлғалар үшін тестілеудің мынадай екі пәні бойынша балдар ескеріледі: мемлекеттік немесе орыс тілі, Қазақстан тарихы.

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің қабылдау комиссиясы білім беру саласындағы ҚР БҒМ он күндік мерзімде шығармашылық емтиханды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қорытынды есепті, сондай-ақ шығармашылық емтихан тапсыру туралы бұйрықтардың көшірмесін ұсынады.

35. Жоғары оқу орындарында шығармашылық емтихандарды өткізу үшін әр шығармашылық мамандық бойынша «Шығармашылық емтихандарды өткізу туралы ережелер» жасалып және жоғары оқу орнының ректорымен (қабылдау комиссиясының төрағасы) бекітіледі.



36. Шығармашылық емтиханның өткізу нысаны, мазмұны, ұзақтығы және бағалау критерийі мамандық ерекшеліктерін ескере отырып жоғары оқу орнымен дербес анықталады.

37. Шығармашылық емтихандарды ұйымдастырып және өткізу үшін берілген аймақтағы білікті мамандардың құрамынан тұратын пәндік комиссиялар құрылады және комиссия құрамы ректор бұйрығымен бекітіледі.

38. Шығармашылық емтихандардың кестесі (пән, күні, уақыты, өткізілу орны, кеңес берулер, нәтижелерді жариялау уақыты) қабылдау комиссиясының төрағасымен бекітіледі және құжатты қабылдау күнінен бұрын талапкерге айтып білдіріледі.

39. Жоғары оқу орындарында өткізілетін шығармашылық емтихандар 25-балдық жүйемен бағаланады. Сын нәтижелері бойынша ұпайлардың сәтті өтуін қолдайтын әрбір шығармашылық емтихан бойынша минималды көлемі 10 ұпайды құрайды.

40. Бірінші шығармашылық емтиханнан белгіленген балдан төмен балл алған талапкер келесі емтиханға жіберілмейді.

41. Шығармашылық емтихандарын өткізу кезінде аудиторияға кіруді және тәртіпті қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы және орынбасарлары, емтиханды өткізуге кірістірілген арнайы кезекшілер, техникалық хатшылар қамтамасыз етеді.

42. Шығармашылық емтиханды өткізуде қабылдау комиссиясы төрағасының рұқсатынсыз аудиторияға бөгде адамдар кіргізілмейді.

43. Талапкер шығармашылық емтиханға кестеде көрсетілген күні және уақытында келу керек. Талапкерлерді аудиторияға емтихан басталуына 30 минут қалғанда кіргізіледі.

44. Шығармашылық емтихан өтетін аудиторияға емтихан тапсырушылар кіру үшін жеке басын куәландыратын құжатты және құжаттарды қабылдау қолхатын көрсетеді.

45. Шығармашылық емтиханды өткізу уақытында талапкер өзімен бірге тек жеке басын куәландыратын құжатты, қолхатты, емтихан тапсыру үшін қажетті кеңсе жабдықтары және заттарын алу керек. Талапкер артық заттарын арнайы қойылған үстелде (аудиторияға кіреберісте) қалдырады.

46. Шығармашылық емтихан кезінде түсушілерге өз білімдерінің және ептіліктерінің деңгейін толық көрсету үшін жайлы және игілікті жағдай туғызу керек.

47. Шығармашылық емтиханының өтілу уақытында көрсетілген іс-шара қатысушыларына және өткізуіне тартылған тұлғаларға байланыс құралдарын және электронды-есептеу техникаларын қолдануға тыйым салынады. Емтихан кестеде қатаң белгіленген уақытта басталады.

48. Талапкерлерге кіріспе байқауы басталғаннан кейін емтихан материалдары беріледі және титул бетін толтыру ережелері түсіндіріледі. Сонымен қатар кіріспе байқауының басталу және аяқталу уақыты, нәтижелердің хабарлану және апелляция өту орны мен уақыты көрсетіледі.

49. Шығармашылық емтихан өту уақытында талапкерлер келесі ережелерді сақтау керек:

- емтихан алушы көрсеткен орынға отыру;
- тыныштықты сақтау және өздігімен жұмыс істеу, емтихан алушы және басқа талапкерлермен сөйлеспей;
- аудиторияда жүрмеу, басқа орынға отырмау;
- емтихан алушының рұқсатынсыз тақтада көрсетілген уақыттан ерте емтихан аудиториясынан шықпау.

50. Талапкер, емтиханды өткізу ережелерін бұзған үшін, аудиториядан шығарылуы мүмкін. Сол кезде, емтихан алушылардың қолдарымен куәландырылған, емтихандық



жұмыстың титул бетінде шығару себебі жазылады. Бұл жұмыстың нәтижелерін жою туралы шешім қабылданады.

51. Талапкер, емтиханға бір сағаттан кем уақытқа кешігіп келетін жағдайда, талапкерге емтихан тапсыруға рұқсат етілу мүмкін, сол кезде оған тапсырманы орындауға арналған уақытты арттырмайды, сол туралы ол алдын ала ескертіледі.

52. Талапкер, емтиханға бір сағаттан аса уақытқа кешігіп келетін жағдайда, талапкер емтиханға келмеген деп есептеледі.

53. Дәлелді себебтері болмай емтиханға келмеген талапкерлер емтиханды тапсыруға жіберілмейді.

54. Талапкер емтиханға кешігіп келіп немесе дәлелді себебі болып келмеген жағдайда, ол төраға, жауапты хатшысы рұқсаты бойынша жазбаша өтініштің негізінде және сынаққа келмеген дәлелді себепті растайтын құжатты ұсынғанда, бекітілген кестенің шеңберінде емтиханға басқа уақытта жіберілуі мүмкін.

Емтиханға келмеудің дәлелді себептері:

- талапкердің ауруы (емдік орнының мөрімен куәландырылған, мемлекеттік емдік орнынан ауру туралы анықтаманың ұсынуымен расталады);

- төтенші жағдай (төтенші жағдайдың фактін жазып алған мемлекеттік ұйымның анықтамасын ұсынуымен расталады).

55. Сәйкес емтихандарға қайта қатысуы рұқсат етілмейді.

56. Емтихандық жұмыстар тек жоғары оқу орнының бөлмелерінде ғана тексеріледі.

57. Шығармашылық жұмыстарды тек емтихан алушылары ғана, бекітілген пәндік емтихандық комиссия мүшелері тексереді.

58. Пәндік емтихандық комиссиясының төрағасы емтихан алушыларымен төмен және жоғары бағаланған емтихандық жұмыстарды және қалған жұмыстардың 5% дейін қосымша тексереді. Бағалардың әділеттігін пәндік емтихандық комиссиясының төрағасы өз қолымен куәландырады.

59. Шығармашылық емтихан өткізілуінің нәтижелері бағалар тізімдемесімен және пәндік комиссиясының хаттамамен ресімделеді.

60. Тексерілген жұмыстарды, емтихандық тізімдемелерді және тексерген емтихан алушылардың қолдары қойылған, бағалары бар протоколдарды пәндік емтихандық комиссиясының төрағасы, нәтижелерді жариялау үшін, жауапты хатшыға (оның орынбасарына) береді.

61. Шығармашылық емтиханның нәтижелері емтихан өткізілгеннен кейін келесі күні жарияланады.

62. Шығармашылық емтиханды бағалау кезінде бірыңғай талаптарды сақтауды және даулы мәселелерді шешуді қамтамасыз ету, шығармашылық емтиханды тапсырушылардың құқығын қорғау мақсатында емтихандарды өткізу кезеңінде Апелляцияны қарау жөніндегі С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде апелляциялық комиссия құрылады.

Апелляциялық комиссия кешенді шығармашылық емтиханның нәтижелерімен келіспеген тұлғалардың өтініштерін қарау үшін құрылады. Апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамы С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры бұйрығымен бекітіледі.

63. Шығармашылық емтиханды тапсырған тұлғаның өзі апелляциялық комиссия төрағасының атына апелляцияға беруге арыз жаза алады. Арыз шығармашылық емтиханның нәтижелерін хабарлағаннан күннен келесі күннің сағат 13-ге дейін қабылданады және апелляциялық комиссиямен бір күн ішінде қарастырылады.



64. Апелляциялық комиссия әрбір тұлғамен жекеше тәртіпте жұмыс істейді. Апелляциялық комиссия отырысына келмеген жағдайда талапкердің арызы қарастырылмайды.

65. Шығармашылық емтиханның нәтижелерімен келіспеушілік туралы апелляция шешімін комиссия мүшелерінің жалпы санын дауысқа салып қабылдайды. Дауыс саны бірдей болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Апелляция комиссиясының жұмысы төрағамен және комиссияның барлық мүшелерімен қол қойылған хаттамамен ресімделеді.

66. Шығармашылық мамандықтарға түсетін талапкерлер үшін тестілеудің екі мамандығы бойынша ұпайлар есептелінеді: Мемлекеттік немесе орыс тілі, Қазақстан тарихы.

67. Жекеменшік нысанынан тәуелсіз жоғары оқу орындары он күн ішінде білім аймағындағы ҚР БҒМ шығармашылық емтихандарды өткізу және ұйымдастыру бойынша қорытынды есептерді, сондай-ақ, шығармашылық емтихандарды тапсырғаны туралы бұйрықтардың көшірмелерін тапсыруы керек.

68. Шығармашылық мамандықтарға түсу кезінде арызды қабылдау жоғары оқу орнының тұрғылықты жерінде жүзеге асырылады.



4. С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетіне қабылдау

69. Студенттер қатарына қабылдауды қабылдау комиссиялары 10-25 тамыз аралығында өткізеді.

Оқуға түсушілер С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің қабылдау комиссиясына қабылдау туралы Қосымша 7 сәйкес өтінішпен бірге жалпы орта, техникалық және кәсіптік (бастауыш және орта кәсіптік, орта білімнен кейінгі) немесе жоғары білімі туралы құжатын (түпнұсқа), 3x4 көлеміндегі 6 фотосуретін, 086-У нысанындағы медициналық анықтаманы, ҰБТ немесе кешенді тестілеу сертификатын, сондай-ақ білім беру грантын тағайындау туралы куәлікті (бар болса) қоса береді.

70. Ақылы негізде оқуға түскен тұлғалар арнайы формадағы шарт жасайды.

71. С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетіне ақылы оқуға тестілеу нәтижелері бойынша мынадай пәндерден: Мемлекеттік немесе орыс тілінен (оқу тілі), Қазақстан тарихы, математика және таңдау пәнінен кемінде 50 балл, оның ішінде бейінді пәннен кемінде 7 балл (әрбір шығармашылық емтихан бойынша кемінде 10 балл), ал қалған пәндер бойынша кемінде 4 балл жинаған, ҰБТ-дан өткен жалпы орта білім беру ұйымдарын ағымдағы жылы бітірушілер, кешенді тестілеуге қатысушылар қабылданады.

72. ҰБТ немесе кешенді тестілеу шеңберінде тапсырылған пәндердің біреуінен 4 балдан кем жинаған тұлғалардың ақылы негізде оқуға қабылдануына немесе білім беру гранттарын тағайындау конкурсына қатысуына жол берілмейді.

73. С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетіне қабылдау ректор бұйрығымен өткізіледі.

Шығармашылық емтихандар белгіленген мамандықтарға қабылдау осы емтихандар бойынша алынған балдар есепке алына отырып жүргізіледі.

74. Оқуға түсуші екінші деңгейдегі банктер беретін білім беру кредитін ресімдесе, ол құжаттарының сол банкте қарастырылып жатқандығы туралы тиісті анықтаманы ұсынған жағдайда С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің студенті қатарына қабылданады.

Бұл ретте оған білім беру кредитін ресімдеу кезеңінде білім беру қызметін көрсету шартында белгіленген және азаматты оқуға қабылдауға дейінгі төлеуге жататын соманы төлеу мерзімін ұзарту ұсынылады. Бірақ ол банктен анықтама алған сәттен бастап төрт аптаға жарамды.

75. Шет тілінде берілген құжаттардың қазақ немесе орыс тілдеріндегі нотариалды куәландырылған аудармасы болуы тиіс.

Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар тұлғалар оқуға қабылданғаннан кейін оқудың бірінші семестрі ішінде заңнамада белгіленген тәртіппен нострификациялау рәсімінен өтеді.

76. С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті білім беру саласындағы ҚР БҒМ белгіленген нысан бойынша және белгіленген мерзімде ақпарат ұсынады, қабылдау өткізгеннен кейін он күндік мерзімде қабылдауды ұйымдастыру мен өткізу жөніндегі қорытынды есепті, студенттерді қабылдау туралы бұйрықтардың көшірмесін, сондай-ақ одан бас тартқан білім беру гранты иегерлері куәліктерінің түпнұсқасын және жоғары оқу орнына келмеген тұлғалардың мәліметтерін (Т.А.Ә., мамандығы) ұсынады.

77. Осы Үлгі қағидалармен регламенттелмеген мәселелерді С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің қабылдау комиссиясы дербес түрде шешеді.



С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде Ұлттық бірыңғай тестілеу және кешенді тестілеу жүргізілетін таңдау пәндері мен бейінді пәндер көрсетілген мамандықтар тізбесі

Код	Мамандықтар топтары мен мамандықтар атауы	Таңдау бойынша пәндер	Бейіндік пән
Бакалавриат мамандықтары			
1. Білім			
5B010300	Педагогика және психология	Биология	Биология
5B010600	Музыкалық білім	2-шығармашылық емтихан	1-ші шығармашылық емтихан
5B010700	Бейнелеу өнері және сызу	2-шығармашылық емтихан	1-ші шығармашылық емтихан
5B010800	Денешынықтыру және спорт	2-шығармашылық емтихан	1-ші шығармашылық емтихан
5B010900	Математика	Физика	Математика
5B011400	Тарих	Дүниежүзі тарихы	Дүниежүзі тарихы
5B011700	Қазақ тілі мен әдебиеті	Қазақ әдебиеті	Қазақ тілі
5B011800	Орыс тілі мен әдебиеті	Орыс әдебиеті	Орыс тілі
5B011900	Шетел тілі: екі шетел тілі	Шет тілі	Шет тілі
5B012000	Кәсіптік оқыту	Физика	Математика
2. Гуманитарлық ғылымдар			
5B020300	Тарих	Дүниежүзі тарихы	Дүниежүзі тарихы
5B020400	Мәдениеттану	Дүниежүзі тарихы	Қазақстан тарихы
5B020400	Мәдениеттану	Дүниежүзі тарихы	Қазақстан тарихы
5B020500	Филология	Әдебиет	Ана тілі
5B020700	Аударма ісі	Шет тілі	Шет тілі
5B021000	Шетел филологиясы	Шет тілі	Шет тілі
3. Құқық			



5B030100	Құқықтану	Дүниежүзі тарихы	Дүниежүзі тарихы
4. Өнер			
5B040200	Аспаптық орындаушылық	2-шығармашылық емтихан	1-ші шығармашылық емтихан
5B042000	Сәулет	2-шығармашылық емтихан	1-ші шығармашылық емтихан
5B042100	Дизайн	2-шығармашылық емтихан	1-ші шығармашылық емтихан
5. Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес			
5B050200	Саясаттану	Дүниежүзі тарихы	Қазақстан тарихы
5B050300	Психология	Биология	Биология
5B050400	Журналистика	2-шығармашылық емтихан	1-ші шығармашылық емтихан
5B050600	Экономика	География	Математика
5B050700	Менеджмент	География	Математика
5B050800	Есеп және аудит	География	Математика
5B050900	Қаржы	География	Математика
5B051000	Мемлекеттік және жергілікті басқару	География	Математика
5B051100	Маркетинг	География	Математика
6. Жаратылыстану ғылымдары			
5B060100	Математика	Физика	Математика
5B060200	Информатика	Физика	Математика
5B060300	Механика	Физика	Математика
5B060400	Физика	Физика	Физика
5B060600	Химия	Химия	Химия
5B060700	Биология	Биология	Биология
5B060800	Экология	Биология	Биология
5B060900	География	География	География



7. Техникалық ғылымдар және технологиялар

5B070100	Биотехнология	Биология	Биология
5B070200	Автоматтандыру және басқару	Физика	Математика
5B070300	Ақпараттық жүйелер	Физика	Математика
5B070400	Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету	Физика	Математика
5B070800	Мұнай газ ісі	Физика	Математика
5B070900	Металлургия	Физика	Математика
5B071200	Машина жасау	Физика	Математика
5B071300	Көлік, көліктік техника және технологиялар	Физика	Математика
5B071600	Аспап жасау	Физика	Математика
5B071700	Жылу энергетикасы	Физика	Математика
5B071800	Электр энергетикасы	Физика	Математика
5B071900	Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар	Физика	Математика
5B072000	Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы	Химия	Химия
5B072100	Органикалық заттардың химиялық технологиясы	Химия	Химия
5B072400	Технологиялық машиналар және жабдықтар (сала бойынша)	Физика	Физика
5B072700	Азық – түлік өнімдерінің технологиясы	Химия	Химия
5B072900	Құрылыс	Физика	Математика
5B073000	Құрылыс материалдарын, бұйымдарын және құрастырылымдарын өндіру	Физика	Математика
5B073100	Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі	Физика	Математика
5B073200	Стандарттау, сертификаттау және метрология	Физика	Математика
5B074500	Көлік құрылысы	Физика	Математика



8. Ауылшаруашылық ғылымдары

5B080100	Агрономия	Биология	Биология
5B080200	Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру Технологиясы	Биология	Биология
5B080700	Орман ресурстары және орман шаруашылығы	География	География

9. Қызмет көрсету

5B090100	Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру	Физика	Математика
5B090200	Туризм	География	География
5B090500	Әлеуметтік жұмыс	География	География
5B091000	Кітапхана ісі	Әдебиет	Әдебиет



**Ауылдық білім беру ұйымдарын бітірген тұлғалар
үшін С. Торыйғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетіне қабылдау
квотасы белгіленген жоғары арнайы білім беру және бакалавриат
мамандықтарының тізбесі**

Код	Мамандықтар топтары мен мамандықтар атауы
	Бакалавриат мамандықтары
	1. Білім
5B010300	Педагогика және психология
5B010600	Музыкалық білім
5B010700	Бейнелеу өнері және сызу
5B010800	Денешынықтыру және спорт
5B010900	Математика
5B011400	Тарих
5B011700	Қазақ тілі мен әдебиеті
5B011800	Орыс тілі мен әдебиеті
5B011900	Шетел тілі: екі шетел тілі
5B012000	Кәсіптік оқыту
	2. Әлеуметтік ғылымдар және бизнес
5B050400	Журналистика
5B050600	Экономика
5B050700	Менеджмент
5B050800	Есеп және аудит
5B051000	Мемлекеттік және жергілікті басқару
5B051100	Маркетинг
	3. Техникалық ғылымдар және технологиялар
5B070100	Биотехнология
5B070200	Автоматтандыру және басқару
5B070300	Ақпараттық жүйелер
5B070800	Мұнай газ ісі
5B071300	Көлік, көліктік техника және технологиялар
5B071700	Жылу энергетикасы
5B071800	Электр энергетикасы
5B071900	Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар



5B072400	Технологиялық машиналар және жабдықтар (сала бойынша)
5B072700	Азық – түлік өнімдерінің технологиясы
5B072900	Құрылыс
5B073100	Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі
5B073200	Стандарттау, сертификаттау және метрология
5B074500	Көлік құрылысы
4. Ауыл шаруашылық ғылымдары	
5B080100	Агрономия
5B080200	Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру Технологиясы
5B080700	Орман ресурстары және орман шаруашылығы
5. Қызмет көрсету	
5B090100	Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру
5B090500	Әлеуметтік жұмыс
5B091000	Кітапхана ісі



**С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік
университетінің шығармашылық мамандықтар тізбесі**

Шифр	Мамандықтар атауы	Мамандыққа бейімдейтін пән	Таңдау бойынша пән
5B010600	Музыкалық білім	1 шығармашылық емтихан	2 шығармашылық емтихан
5B010700	Бейнелеу өнері және сызу	1 шығармашылық емтихан	2 шығармашылық емтихан
5B010800	Дене шынықтыру және спорт	1 шығармашылық емтихан	2 шығармашылық емтихан
5B040200	Аспапта орындаушылық	1 шығармашылық емтихан	2 шығармашылық емтихан
5B042000	Сәулет	1 шығармашылық емтихан	2 шығармашылық емтихан
5B042100	Дизайн	1 шығармашылық емтихан	2 шығармашылық емтихан
5B050400	Журналистика	1 шығармашылық емтихан	2 шығармашылық емтихан

**С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде ұлттық бірыңғай тестілеуді ұйымдастыру және өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссияның құрамы**

№	Т.А.Ә.		Лауазымы
1	Орсариев Арын Амангельдиевич	төраға	С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры
2	Садибеков Гани Калыбаевич	комиссия мүшесі	Павлодар облысы әкімінің орынбасары
3	Бексеитова Бахыт Макановна	комиссия мүшесі	Павлодар облысы Білім беру басқармасының басшысы
4	Камзина Бибигуль Тулешовна	комиссия мүшесі	Павлодар облысы Ішкі істер департаменті Әкімшілік полиция басқармасының ювеналдық полиция бөлімшесінің бастығы, полиция подполковнигі
5	Нурумбетова Алия Балтабековна	комиссия мүшесі	«Нұр Отан» Павлодар қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары, қалалық мәслихат депутаты
6	Джарасова Гүлжан Сагидуллаевна	хатшы	С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы



**Аудиторияда тәртіп сақтау ережесін бұзған талапкерді аудиториядан шығару және
тыйым салынған заттың тәркіленуі туралы
акт**

_____ (базалық ЖОО атауы)
« _____ » _____ 20 _____ ж. _____ сағ. _____ мин.

Министрлік өкілі _____
(аты-жөні)

Аудитория кезекшісі _____
(аты-жөні)

Талапкерден: Аты-жөні _____
ТЖК _____, аудитория № _____, орын № _____, нұсқа № _____ Жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі ережесінің 21-тармағының бұзылғандығын дәлелдейтін төмендегі заттар табылды:

_____ (ұялы телефонның маркасы, саны және мәліметтері бар шпаргалка және т.б.)

Осы фактіні есепке алып қаулы етілді:

емтихан материалдарын алу;

Талапкер: Аты-жөні _____,

ТЖК _____ № _____ аудиториядан шығару және емтихан материалдарын жою.

_____ (осы актіні құрған тұлғалардың аты-жөні және қолдары)

Актімен таныстым: _____
(талапкердің аты-жөні, қолы)

Актімен таныстым: _____
(базалық ЖОО-ның жауапты хатшысының аты-жөні, қолы)

М.О.
(базалық ЖОО мөрі) Уақыты: _____



6-қосымша

Нысан

Тестілеуге берілген уақыт аяқталғаннан кейін талапкердің емтихан материалдарын тапсырудан бас тарту фактісін тіркеу туралы акт

_____ (базалық ЖОО)

« _____ » _____ 20 _____ ж. _____ сағ. _____ мин.

Министрлік өкілі _____ (аты-жөні)

аудитория кезекшісі _____ (аты-жөні)

Талапкер: аты-жөні _____,

ТЖК _____ № _____ аудитория, № _____ орын, № _____ нұсқа

Тестілеуге берілген уақыт аяқталуына байланысты, емтихан материалдарын тапсырудан бас тартты. Жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдауың үлгі ережесінің 23- тармағының бұзылғандығы болып есептеледі.

Осы фактіні есепке алып қаулы етілді:

емтихан материалдарын алу;

талапкерді: аты-жөні _____,

ТЖК _____ № _____ аудиториядан шығару және емтихан материалдарын жою.

_____ (осы актіні құрған тұлғалардың аты-жөні және қолдары)

актімен таныстым: _____ (талапкердің аты-жөні, қолы)

актімен таныстым: _____ (базалық ЖОО-ның жауапты хатшысының аты-жөні, қолы)

М.О.

(базалық ЖОО мөрі)

Уақыты: _____
